

Басқарма отырысында  
2025 жылғы 10 қаңтарда  
қабылданды  
№ 1/1477 хаттама

**«ҮМЗ» АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ МИНЕРАЛДАРДЫ ЖЕТКІЗУДІҢ  
ЖАУАПТЫ ТІЗБЕГІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ**  
(2023 жылғы 18 мамырда Басқарма отырысында қабылданғанның орнына,  
№ 24/1386 хаттама)

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҮМЗ» АҚ) – тантал және ниобий шикізатының кез келген түрін өңдеуден бастап дайын өнімді жасағанға дейін толық өндірістік циклды қамтитын заңды тұлға.

Әлемдік нарықтың өнімді және қызметтерді жеткізушілерге қатал талаптар қоятынын ескеріп және де минералдарды жеткізудің заңды және этикалық тізбегін құру қажеттілігін түсіне отырып, «ҮМЗ» АҚ минералды ресурстарды тексерілген, сенімді көздерден сатып алады, осы арқылы әрбір жеткізушісі мен материалдар көздерінің сәйкестігіне, сонымен қатар сатып алынатын минералдардың шығу тегі мен оларға қатысты жауапкершіліктің ауысуы туралы жеткілікті құжаттаманың алынуына кепілдеме береді. Минералдарды сатып алу кезінде «ҮМЗ» АҚ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қақтығыс болып жатқан аймақтардан және жоғары қауіпті аймақтардан жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты аудиттерді өткізу жөніндегі нұсқаулығын (бұдан әрі мәтін бойынша – ЭЫДҰ нұсқаулығы) қолданады.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы қақтығыс болып жатқан аймақтардан және қауіпті аймақтардан минералдарды өндіру, сату және экспорттаумен байланысты теріс салдардың тәуекелін түсінеді, сонымен қатар адам құқықтарын құрметтеу міндеті мен қақтығыстарды болдырмау бойынша жауапкершілігін біледі және де өз қызметінде мына қағидаттарды ұстануға міндеттенеді:

1. Қазақстан Республикасы ратификациялаған әлеуметтік жауапкершілік саласындағы халықаралық конвенциялар мен декларацияларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ келесіге жол бермейтін өзге де нормативтік құжаттарды сақтауға:

- азаптау, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттердің барлық түрлері;
- мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің барлық түрлері;
- балалар еңбегінің ең жаман түрлері;
- адам құқықтарын басқалай өрескел бұзушылықтар;
- әскери қылмыстар және халықаралық гуманитарлық құқықтың басқа да ауыр бұзушылықтары, адамзатқа және геноцидке қарсы қылмыстар.

2. Жеткізу тізбегіндегі кен орындарын, көліктік бағдарларды және өндіруші компанияларды заңсыз бақылайтын, салықтарды заңсыз өндіріп алатын немесе бопсалаумен айналысатын мемлекеттік емес қарулы топтарға немесе олардың жақтастарына, сонымен қатар қоғамдық және жеке қауіпсіздік қызметі күштеріне қандай да бір қолдау көрсетуге жол бермеу.

3. Минералдардың шығу тегі туралы ақпаратты жасыруға немесе бұрмалауға, үкіметке минералдарды өндіру, сату, айналымға беру, тасымалдау және экспорттағаны үшін салық төлемдерін, жарналар мен авторлық гонорарларды бұрмалауға бағытталған қандай да бір параны ұсынбау, уәде етпеу немесе талап етпеу, сондай-ақ ұсынылған парадан бас тарту.

4. Минералдарды өндіру, сату, айналымға беру, тасымалдау немесе экспорттаумен, заңсыз салықтар немесе минералдарды күшпен алумен байланысты заңсыз ақшаны заңдастыру қаупі анықталғанда, осы тәуекелді болдырмау немесе төмендету үшін тиісті органдармен және минералдарды жеткізушілермен ынтымақтастық жасау.

5. Қақтығыс болып жатқан аймақтардан және қауіпті аймақтардан минералдарды өндіру, сату және экспорттауға қатысты салықтар, алымдар мен лицензиялық төлемдердің сол үкіметтерге төленуін растайтын ресми құжаттарды минералдарды жеткізушілерден талап ету.

6. ЭЫДҰ нұсқаулығына қосымша сипатталған, қалайы, тантал және вольфрам бойынша сәйкестік сараптамасының қадамдарын ұстану.

7. Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасының (бұдан әрі мәтін бойынша – ӨСАБ) қағидаттары мен өлшемшарттарын жеке немесе бірлескен күш-жігер арқылы іске асыруды қолдау және тиісті есептілікке қатысу, сондай-ақ ӨСАБ талаптарын сақтауға бейілділік көрсету.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы минералдарды жеткізушілерден олардың меншікті жеткізу тізбегіне немесе «ҮМЗ» АҚ басшылығының минералдарды жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты Саясат қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға қатысты ЭЫДҰ жетекші қағидаттарының II қосымшасына сәйкес әзірленген ұқсас Саясатты қабылдауды күтеді.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы «ҮМЗ» АҚ басшылығының минералдарды жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты Саясат қағидаттарын бұзудың кез келген түрлерімен байланысты және/немесе жасалуына күдікті жеткізушілермен жұмысты дереу тоқтата тұруға немесе тоқтатуға ниетті.

Осы саясат көпшілікке қолжетімді болып табылады, «ҮМЗ» АҚ персоналының, тантал шикізатын жеткізушілердің және дайын өнімді тұтынушылардың назарына жеткізіледі.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы «ҮМЗ» АҚ басшылығының минералдарды жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты саясат қағидаттарын кез келген түрдегі бұзушылықтарға қатысты әрбір өтініш жасау жағдайын тексеру міндеттемесін өзіне қабылдайды. Өтініштерді [mail@ulba.kz](mailto:mail@ulba.kz) электрондық поштаның ресми мекенжайына; жазбаша түрде 070005, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102 мекенжайына немесе факстық байланыс арқылы +7 (7232) 29 84 16 нөміріне жолдауға болады.

«ҮМЗ» АҚ басшылығы минералдарды жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты Саясатты жүзеге асыру үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды және өз қызметінде оның қағидаттарын мүлтіксіз ұстануға ниетті.

Басқарма Төрағасы



С. Бежецкий

Аударған: Д. Молдаханова

